

«Альфа-Банк» ЕБ АҚ  
Клиенттермен телефон  
арқылы валюталық айырбас  
мәмілелерін жасасудың  
Нұсқамасы

**Телефон арқылы валюталық айырбас мәмілелерін жасасудың жалпы талаптары  
туралы КЕЛІСІМ № \_\_\_\_\_**

Алматы қ.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

«Альфа-Банк» ЕБ АҚ, ары қарай «Банк» деп аталып, \_\_\_\_\_ атынан, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет етуші, бір тараптан және \_\_\_\_\_, ары қарай «Клиент» деп аталып, \_\_\_\_\_ атынан, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет етуші, екінші тараптан, ары қарай «Тараптар» деп аталып, ал жекелей алғанда жоғарыда көрсетілгендей немесе Тараптар деп аталатындар, төмендегілер туралы осы келісімді жасасты:

**1. Келісімнің мәні**

- 1.1. Осы Келісім Тараптардың Айырбас операциялардың тәртібін және талаптарын анықтайды.
- 1.2. Тараптар айырбас операцияларын жасауға барлық құқықтары бар екендігіне кепілдік береді.

**2. Негізгі түсініктерді анықтау**

- 2.1. Егер басқасы Келісімнің мәтінінде айтылмаса, онда негізгі түсініктердің келесі анықтамалары қолданылады:
  - 1) **Валюта** – мемлекеттер заңды төлем құралдары ретінде қабылданған ақша бірліктері, немесе құндардың қолма-қол және қолма-қолсыз түрлеріндегі ресми стандарттар, банкноталар, қазынашылық билеттер және монеталар түрінде, оның ішінде құнды металдардан (алынғандарды немесе айналыстан алынып тасталғандарды қоса, бірақ айналыстағы ақша белгілеріне ауыстырылуға жататындарды қоса), содай-ақ шоттардағы қаражаттар, оның ішінде халықаралық ақша немесе есеп бірліктері;
  - 2) **Валюталау күні** – Клиентпен есеп айырысу күні;
  - 3) **Банк Дилерлері** – Банктің атынан келіссөздер жүргізуге және Айырбас мәмілелерін жүргізуге уәкілетті Банктің жұмысшылары;
  - 4) **Клиенттің өтініші** – Айырбас мәмілесінің мәнді талаптары бойынша Банктің акцептын алу мақсатында, Клиенттің Банк Дилеріне ауызша телефонмен хабарласуы. Клиенттің Банкке әрбір жасаған телефон хабарламасының мәнді талаптарын келісуі - Өтініш болып табылады;
  - 5) **Құпия сөз** – Клиентке Банк беретін санды/әріпті код;
  - 6) **Контрвалюта** – саудаласатын валютаға айырбасталып сатылатын немесе сатылып алынатын валюта;
  - 7) **Айырбас мәмілесі (операциясы)** – Тараптар мәміленің мәнді мәндерін келісетін талаптар кезінде шетел валютасын сатып алу/сату мәмілесі: контрвалютаға валюта бағамы, валюта және контрвалюта сомасы, есептесу күндері. Айырбас мәмілесі Клиенттің шотына ақша қаражаттарын аударған кезде орындалды деп саналады);

- 8) **Ұлттық валюта** – Қазақстан Республикасының теңгесі;
- 9) **Шетел валютасы** – ұлттық валютадан өзгеше валюта;
- 10) **Жұмыс күні** - банкаралық валюталық нарықта банктер мәмілелер жасайтын және банктер операциялар жасауға ашық болатын күн.
- 11) **Ашық валюталық нарықтар:**
  - **ұлттық валюта үшін** – жұмыс күні ішінде Астана қ. уақыты бойынша 10 сағат 20 минуттан 17 сағатқа дейінгі уақытша кезең, техникалық үзіліс 11 сағаттан 11 сағат 40 минутқа дейін, Астана уақыты бойынша;
  - шетел валютасы үшін – жұмыс күні ішінде Астана қ. уақыты бойынша 9 сағаттан 17 сағатқа дейін уақытша кезең
- 12) **АЕК** – айлық есептік көрсеткіш.

### **3. Айырбас мәмілелерін жасау тәртібі**

- 3.1. Айырбас мәмілелерінің талаптарын анықтау үшін Тараптар телефон бойынша келіссөздер жүргізеді. Келіссөздер барысында Айырбас мәмілесінің мәнді талаптары бойынша келісімге қол жеткізіледі.
- 3.2. Клиент үшін келіссөз алдындағы міндетті талап Клиенттің Банкте ашылған, сатылатын валюта түріндегі ағымдағы шотындағы жеткілікті соманың болуы. Бөлек жағдайларда, атап айтқанда Клиент Банкте несие ресурстарын алған кезде, түсетін қаражаттар астынан Айырбас мәмілесін жасасу мүмкіндігіне жол беріледі, алатын несие қаражаттары Айырбас мәмілесінің сомасын абсолютті түрде толық қамтамасыз етуге жеткілікті талабымен. Клиентті сәйкестендіру үшін Банк Клиентке әмбебап Құпия сөз беріледі \_\_\_\_\_.
- 3.3. Мүмкін болатын Айырбас мәмілесін жасасу кезінде, сұрау барысында, Клиент міндетті тәртіпте келесілерді орындайды:
  - 1) Клиенттің құпия сөзі мен атауы айтылады;
  - 2) Оның білгісі келген Айырбас операциясының параметрлерін атайды.
- 3.4. Банк Дилеры мен Клиент арасында міндетті келісуге тиесілі Айырбас операциясының басты талаптары:
  - 1) мәміленің валютасы мен контрвалютасы;
  - 2) мәміле сомасы;
  - 3) мәміле бағамы;
  - 4) валюталау күні;
  - 5) мәміленің «бағыты» (валютаны сатып алу/сату)
  - 6) Тараптардың әрекеттерін анықтау (сатып алу-сату);
  - 7) Сатылатын валюта мен контрвалютаның атауы;
  - 8) сатылатын валютаның сомасы.
- 3.5. Айырбас мәмілесін жүргізуге бір рет сұраныстың ең төменгі сомасы \_\_\_\_\_ ішінде \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) АҚШ долларынан (немесе Айырбас мәмілесін жасаған күнге ҚР ҰБ бағамы бойынша басқа валюталардағы эквивалент көлем) кем болмауы тиіс, осы ретте Айырбас мәмілелерін жүргізуге сұраныстардың жалпы көлемі \_\_\_\_\_ ішінде \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) АҚШ долларынан немесе Айырбас мәмілесін жасаған күнге ҚР ҰБ бағамы бойынша басқа валюталардағы эквивалент көлем) кем болмауы тиіс.
- 3.6. Айырбас мәмілесі Банк Дилеры мен Клиент тарапынан Айырбас мәмілесінің барлық параметрлерін ауызша растағаннан кейін жасалды деп танылады.
- 3.7. Айырбас мәмілесін жасағаннан кейін 15 минуттың ішінде Клиент «Банк-Клиент» жүйесі бойынша Банкке өз өтінішін береді, ол жерде Айырбас мәмілесінің барлық негізгі

параметрлерін көрсетіп, «шекаралық бағам» жолын міндетті түрде толтырады (айырбас мәмілесіе жасау кезінде жазылған орындау бағамы).

- 3.8. Клиент Келісімнің 3.7. т. көрсетілген мерзімде өтінімді бермеуі, Клиенттің Айырбас мәмілесін жасаудан бас тартуы деп саналады. Осы жағдайда Клиент бұл туралы Банктің Дилерына хабарлайды, бұзылу себебін көрсетумен және Айырбас мәмілесінің басты талаптарын қайталап келіседі, оны орындау уақытын жазады.
- 3.9. Тараптар келіссөздер жүргізуге және осы Келісім шеңберінде Айырбас мәмілелерін жасауға толық жауапкершілік алады. Клиенттің өкілі Келіссөздер жүргізу және Айырбас мәмілесін жасасқан жағдайда, Клиенттің өкілі Құпия сөзді қолдануы, Клиенттің осындай өкілінің Клиент атынан Айырбас операцияларын жүргізуге құзыреттілігін растайды, Клиент өкілінің қандай-да бір басқаша растауы талап етілмейді. Құпия сөзді пайдаланып Клиенттің атынан жасалған барлық Айырбас мәмілелері, Клиентпен жасалған болып саналады.

#### **4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

- 4.1. Келіссөздер жүргізу кезінде нарықтық жағдайдан келіп Банк Клиентке неғұрлым тиімді баға белгілеуді ұсынуға міндетті.
- 4.2. Банк құқылы:
  - 4.2.1. Клиент үшін жағдайдың жақсару жағына ғана Айырбас мәмілесін жасасу бойынша айырбас бағамын біржақты тәртіпте өзгерту;
  - 4.2.2. Клиент Келісімнің 3.7. т. орындамаған және/немесе дұрыс орындамаған жағдайда Айырбас өтінімін орындаудан бас тарту;
  - 4.2.3. Клиент Келісімнің 3.7. т. екі реттен аса орындамаған және/немесе дұрыс орындамаған жағдайда, Келісімнің әрекетін біржақты тәртіпте тоқтату;
  - 4.2.4. Осы Келісімнің 3.5. т. қарастырылған талаптарды және осы Келісімде қарастырылған басқа талаптарды Клиент сақтамаған жағдайда, Клиентке Айырбас мәмілесін жасасудан бас тарту және/немесе осы Келісімде белгіленген тәртіпте біржақты тәртіпте Келісімнің әрекетін тоқтату;
- 4.3. Клиент міндетті:
  - 4.3.1. Айырбас мәмілесі бойынша келіссөздер жүргізу үшін Банкте ашылған Клиенттің ағымдағы шотында, осы Келісімнің 3.2. т. қарастырылған талаптарды ескеріп, сатылатын валютада жеткілікті соманың болуын қамтамасыз ету;
  - 4.3.2. келіссөздер жүргізу және Айырбас мәмілелерін жасасу кезінде осы Келісімнің талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;
  - 4.3.3. Құпия сөздің сақталуын қамтамасыз ету және оны уәкілетті емес тұлғалардың санкцияланбаған түрде қолданылуын алып тастау. Құпия сөзді санкцияланбай пайдалануға күмән туған кезде – бұл туралы Банкке дерек хабарлау. Осындай жағдайда Банк Клиентке, келісілген мезімде, жаңа Құпия сөзді жібереді, ал ескісі жойылады және оны Клиент қолданбайды.

#### **5. Құпиялылық**

- 5.1. Тараптар бір-біріне беретін ақпарат, осы Келісімді жасасуға және орындауға байланысты (мыналарды қоса, бірақ шектелмей: келіссөздер жүргізу және Айырбас мәмілелерін жасасу талаптары, Құпия сөз, сомалар және Айырбас мәмілелерінің бағамдары және т.б.)

қатаң түрде құпия болып табылады және оны Тарап екінші Тараптың алдын-ала жазбаша келісімі жариялана алмайды.

- 5.2. Осы Келісімнің талаптарын орындау үшін Тараптардың өкілдерінің осындай ақпаратын ұсыну, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасының заңнамасы орнатқан жағдайда және тәртіпте қызметтік тұлғалардың сұрауымен құпия ақпаратты ашу болып табылмайды.

## **6. Тараптардың жауапкершілігі**

- 6.1. Келісім бойынша өз міндеттерін орындамағаны/дұрыс орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Келісімге сәйкес жауапкершілік алады.
- 6.2. Клиент мынаған жауапкершілік алады:
- 6.2.1. Келісімнің 3.7. т. орындалуын орындамауы және/немесе дұрыс орындамауы - 3 АЕК мөлшерде айыппұл түрінде;
- 6.2.2. Айырбас мәмілесі бойынша Клиенттің өз міндеттерін орындамауы және/немесе дұрыс орындамауы – Айырбас мәмілесінің сомасына 0,1 % мөлшерде өсімпұл түрінде, шетел валютасында;
- 6.2.3. Құпия сөзді пайдаланып, Клиенттің атынан жүргізілетін Айырбас мәмілелері – толық көлемде;
- 6.2.4. Банкке/Клиентке тигізілшен залалдар, Клиенттің Құпия сөзді беруға (ашуға) байланысты – тигізілген залалдардың толық көлемінде;
- 6.2.5. Құпия сөзді санкцияланған түрде пайдаланы туралы Банкке уақытылы хабарламау - Банкке/Клиентке тигізілген залалдардың толық көлемінде;
- 6.2.6. құпия ақпаратты ашу - Банкке/Клиентке тигізілген залалдардың толық көлемінде. Осы орайда Банк Келісімде бекітілген түрде біржақты тәртіпте Келісімнің әрекетін тоқтату құқығын қалдырады.
- 6.3. Банк келесілерге жауапты емес:
- 6.3.1. Клиент Келісімнің талаптарын сақтамаумен байланысты Клиенттің шығындары;
- 6.3.2. Құпия сөзді пайдаланып Клиент (оның өкілі) жүргізген Айырбас мәмілесін орындау;
- 6.3.3. Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша және тәртіпте, Клиенттердің банктік шоттарына шығыс операцияларын тоқтату және/немесе оқшау қоюға байланысты Айырбас мәмілесін жасаудың мүмкін еместігіне байланысты айырбас мәмілесін орындаудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындаған Клиенттің шығындары;
- 6.3.4. Клиенттің және оның өкілдерінің өзара қатынастары бойынша.
- 6.4. Клиентті жауапкершілікке тарту Банктің құқығы болып табылады. Клиенттің айыппұл санкцияларын төлеуі Банк Клиенттің Банкте ашылған кез-келген банктік шоттарынан ақша шегеру жолымен жүргізіледі. Осы арқылы Клиент Банкке Клиенттің Банкте ашылған кез-келген банктік шоттарынан ақша шегеру құқығын береді, оларды тура дебеттеу жолымен, Келісімде қарастырылған жағдайларда. Клиенттің айыппұл санкцияларын төлеуі оны осы Келісім бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды.
- 6.5. Тараптар осы Келісім бойынша өз міндеттерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер осындай орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауымен шақырылса, мынаны қоса, бірақ шектелмей: өрт, су басу, жер сілкіну, электр энергиясын берудегі ақаулар, бағдарламалық қамтамасыз етудегі ақаулар, байланыс желісінің зақымдалуы, және Тараптар бақылай алмайтын басқа да

оқиғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының заң шығару, атқарушы, сот, салық немесе құқық қорғау органдарының құқықтық актілерді, шешімдерді, қаулыларды, анықтамаларды және Тараптардың өз қызметтерін орындауына кедергі келтіретін шешімдерді қабылдаған жағдайлар. Жоғарыдағы жағдайлардың кесірінен осы Келісім бойынша қандай-да бір міндеттерді орындау мүмкін болмай қалған Тарап бұл туралы екінші Тарапқа дереу хабарлауға (3 (үш) күнтізбелі күннен кешіктірмей) міндетті.

6.6. Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындағанын растайтын құжаттар мүдде танытқан Тараптың талабы бойынша беріледі.

6.7. Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындаған жағдайда, Тараптардың осы Келісім бойынша өз міндеттерін орындау мерзімі осындай міндеттердің қолданылу мерзіміне сай жылжытылады. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекеті тоқтағаннан кейін Тараптар осы келісім бойынша өз міндеттерін орындауды жалғастыруға міндетті.

6.8. Еңсерілмейтін күш жағдайлары олардың пайда болғанынан кейін 1 (Бір) айдан аса жалғасса, Тараптар Келісімнің әрекетін өзара келісім бойынша тоқтатуға құқылы, осы ретте мүдде білдірген Тарап бұл туралы екінші Тарапқа тоқтағанына дейін 3 (Үш) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлайды.

## **7. Келісім бойынша даулар**

- 7.1. Осы Келісімді орындау кезінде туындайтын даулар, тараптардың өзара мүдделерін ескеріп, келіссөздер жолымен шешіледі. Дауларды келіссөздер жолымен реттеу мүмкін болмаған жағдайда, олар Банктің орналасқан жері бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.
- 7.2. Дауларды реттеу кезінде Тараптар телефон келіссөздерінің электронды жазбасын пайдалануға келіседі.

## **8. Келісімнің қолданылу мерзімі**

- 8.1. Осы Келісім оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді және анықталмаған мерзім ішінде әрекет етеді. Осы Келісімге қол қойған күннен бастап барлық алдыңғы келіссөздер ауызша және жазбаша түрде осы Келісімнің мәніне қатысты күшін жояды.
- 8.2. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің орындалуынан біржақты тәртіпте, екінші Тарапқа Келісімнің тоқтайтын болжамды күніне дейін 7 күнтізбелі күн бұрын хабарлап, бас тартуға құқылы, бірақ осы Келісім шеңберінде жасалып қойған Айырбас мәмілелерін толық орындағаннан ерте емес, егер Тараптар басқасын қарастырмаған болса. Келісім Тараптар арасында өзара есептесу толық аяқталғаннан кейін тоқтаған болып саналады.
- 8.3. Осы Келісім бірдей заңды күші бар екі данада жасалды, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан.

## **9. Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік деректемелері**

«Альфа - Банк» ЕБ АҚ  
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050012,

«\_\_\_\_\_»  
Алматы қ., \_\_\_\_\_ көш.

Тел.: +7 (727) 244-75-75

**Клиент**

**Инструкция по заключению валютных конверсионных сделок с Клиентами АО  
ДБ "Альфа-Банк" по телефону**

---

---

Факс: +7 (727) 292-08-21  
БСН 941240000341  
к/ш KZ71125KZT1001300213 в ГУ  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
БСК NBRKKZKX  
БСК ALFAKZKA  
БЕК 14  
Резиденттілік белгісі: резидент  
Экономика секторының коды: 4

**Банктен**

**Клиенттен**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.